



*Амансыз ба, күн!  
Амансыз ба, дос!  
Амансыз ба, гасыр!  
Амансыз ба, әлем!  
Баршаға амандық сәлем!*

## Топтық жұмысты бағалау бойынша жиынтық кесте:

	Топтағы ынтымақтастық	Берілген тапсырманың орындалуы	Басқа топтардың жұмыс нәтижелерін тыңдауы	Барлығы
1-топ				
2-топ				
3-топ				
4-топ				
5-топ				

# Үй Топтық тапсырмасы жұмыс

1-топ

“Сиқырлы  
Сандықша”

3-топ

Тұжырым  
кестесі

2-топ

“Сиқырлы  
қалпақтар”

4-топ

“Дұрыс сөз  
тіркесін  
тап”

5-топ

Тест  
тапсырмалар:





Оспанхан Әубәкіров  
Сүт қалай ұйықтады?  
(Ертегі)

Сүт бір күні ұйықтапты.  
Қатты ұйықтапты.  
Ұйықтағаны соншалық,  
Ұйып қапты.  
«Ойбай, сүт ұйықтап қапты,  
Ұйықтап қапты!  
Қарап отырып,  
Айран бопты», –  
Деп ел-жұрт қайран қапты.  
Сүт ұйқысын қоя алмапты,  
Айқайлап жатса да оянбапты,  
Мүлде берекесі қашыпты.  
Айран болу оңай ма,  
Бықырып тұрып ашыпты.  
Ашыған айран быжынап,  
Қазанға сыймай құтырыпты.  
Сүт ұйқысын қоя алмапты,  
Аттандап жатса оянбапты.



Адам болам десеңіз

Оспанхан Әубәкіров. Сүт қалай ұйықтады?



Оспанхан Әубәкіров







Оспанхан Әубәкіров

## Сүт қалай ұйықтады?

(Ертегі)

Сүт бір күні ұйықтапты.  
Қатты ұйықтапты.  
Ұйықтағаны соншалық,  
Ұйып қапты.  
«Ойбай, сүт ұйықтап қапты,  
Ұйықтап қапты!  
Қарап отырып,  
Айран бопты», –  
Деп ел-жұрт қайран қапты.  
Сүт ұйқысын қоя алмапты,  
Айқайлап жатса да оянбапты,  
Мүлде берекесі қашыпты.  
Айран болу оңай ма,  
Бықырып тұрып ашыпты.  
Ашыған айран быжынап,  
Қазанға сыймай құтырыпты.  
Сүт ұйқысын қоя алмапты,  
Аттандап жатса оянбапты.

«Ұйқы – дұшпан» деген ғой,  
Сүт бір күні іріп қапты.  
Сүттің мұндай қылығын  
Әжем ғана біліп қапты,  
Не дерін білмей тұрып қапты.  
«Бұл сүтке ұйқы ұя салыпты»  
Депті де әжем айранды  
Бір дорбаға құя салыпты.  
Сүт сонда ғана оянып,  
Еңіреп тұрып жылапты,  
Көзінің жасын бұлапты.  
...Бәлкім, жұрттың өсегі,  
Әңгіме ғой кешегі.  
«Дорбадан аққан сары су –  
Сүттің көз жасы» деседі.  
«Мұнымыз өтірік» десең де,  
Ертегіге сыяды-ау.  
Әй, дегенмен, балалар,  
Көп ұйықтаған зиян-ау.





Ертегіні төмендегідей бөліктерге бөліп, шегін тауып көр.

Сүт ұйықтап қалыпты	
Сүт ұйқысын қоя алмапты	
Сүт іріп қапты	
Сүт ояныпты	
Көп ұйықтаған зиян	

... «Ұйқы – дұшпан» деген ғой,  
Сүт бір күні іріп қапты.  
Сүттің мұндай қылығын  
Әжем ғана біліп қапты,  
Не дерін білмей тұрып қапты ...

... Сүт бір күні ұйықтапты.  
Қатты ұйықтапты.  
Ұйықтағаны соншалық,  
Ұйып қапты ...

...«Бұл сүтке ұйқы ұя салыпты»  
Депті де әжем айранды  
Бір дорбаға құя салыпты.  
Сүт сонда ғана оянып,  
Еңіреп тұрып жылапты,  
Көзінің жасын бұлапты...

... Сүт ұйқысын қоя алмапты,  
Айқайлап жатса да оянбапты,  
Мүлде берекесі қашыпты.  
Айран болу оңай ма,  
Бықырып тұрып ашыпты ...

... «Дорбадан аққан сары су –  
Сүттің көз жасы» деседі.  
«Мұнымыз өтірік» десең де,  
Ертегіге сыяды-ау.  
Әй, дегенмен, балалар,  
Көп ұйықтаған зиян-ау.







(1934–1986)

Ертегідегі нақыл сөзді тап.

- Сүт сонда ғана оянып,  
Еңіреп тұрып жылапты.
- "Дорбадан аққан сары су –  
Сүттің көзі жасы" деседі.
- Көп ұйықтаған зиян-ау.
- Сүт ұйқысын қоя алмапты.

Тексеру





# Топқа бөліну

**Талап**

**Терең  
ой**

**Еңбек**

**Қанағат**

**Рақым**



# АЛТЫН ЕРЕЖЕ:

- Біреу сөйлеп жатқанда, сөзін бөлме;
- Өз кезегінді күт;
- Егер айтқың келсе, қолыңды көтер;
- Бір-бірінді құрметте, ренжітпе;
- Кез-келген пікір құнды.





# Кім қалай болжайды?



Ұлыс оң болсын!



Assalamu Alaykum



# Амандасу салты

“Қазақ халқының Ұлттық мәдениеті” кітабынан



Сәлем беру де –парыз  
Сәлем алу да - парыз

- Амандасу деген не?
- Оның мәні қандай?



# **“Мәтінді бөліктерге бөлу”**

## **оқыта үйрету әдісі**

- 1.Топ мүшелері берілген мәтіннің бөлімдерін өз беттерінше оқиды.**
- 2.Мәтіннің мазмұнын топта талқылайды.**
- 3.Мәтін мазмұны бойынша көріністер көрсетеді**  
**Әр топ өз мәтіндеріне байланысты көріністер немесе постер қорғайды**

- \*Постер қорғау**
- \*Рөлде ойнау**

Сәлем –сөздің атасы  
бейнежазба







# Топтық жұмыс

Сөйлемдерді  
толықтыр

Жағдаятты  
шешу

Амандасудан  
кейін айтылған  
тілектер

Топтастыру  
“Амандасу  
түрлері”

Сәкестікті  
іздеу





# Сергіту сәті

«Әр елдің сәлемдесу дәстүрі»  
бейнежазба









# Дәйек сөз

- «Сәлемдесу – әдептілік бастауы»  
• Амандасу – кездескен адамдардың бір-біріне амандық тілеуі, бір-бірінің хал-жағдайын біліп, қуанышқа бөлеуі.  
Адамның жақсы көңіл күймен, шын ниетпен, адал сезіммен амандасуы, оның ізеттілігі мен әдептілігін көрсетеді. Айналасындағы адамдардың барлығына да күлімдей қарап, ақ ниетімен сәлем беретін балаларды үлкендер «әдепті бала» деп атайды. Балалардың сәлемдесуіне қарап-ақ, олардың әдептілігін байқауға болады. Сондықтан да халық даналығында «Сәлемдесу – әдептілік бастауы» деп тегін айтылмаған.





# Кері байланыс

«Плюс-Минус – Қызықты»

ПМҚ (Эдвард де Боно)

5-топ	«Плюс» П	«Минус» М	«Қызықты» Қ
1			
2			
3			
4			
5			
6			



**Топтық жұмысты бағалау бойынша  
жиынтық кесте:**

	Топтағы ынтымақтастық	Берілген тапсырманың орындалуы	Басқа топтардың жұмыс нәтижелерін тыңдауы	Барлығы
<b>1-топ</b>				
<b>2-топ</b>				
<b>3-топ</b>				
<b>4-топ</b>				
<b>5-топ</b>				





# Сергіту

Көшелерден біз өткен,  
Ата көрсем, жақын кеп.  
Сәлем берем ізетпен,  
*Ассалаумағалейкүм!* – деп  
Алдан әже жолықса,  
Бөгелем кеп әдейілеп.  
Сәлем берем сол тұста,  
*Есенсіз бе, әжей!* - деп